

ӘОЖ

А.Р. Бижанова

заң ғылым докторы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Алматы қ.
E-mail: aike_74@mail.ru

Қылмыс объектісі жөнінде

Мақалада қылмыс объектісі ұғымына байланысты қылмыстық құқықта қалыптасқан теорияларға жалпы шолу жасалынған. Сонымен қатар, қылмыстық заңнаманы жетілдіру мақсатында қылмыстық кодекстің жаңа Концепциясының негізі ретінде қылмыс объектісі болып танылатын мүддені ескерудің маңыздылығы айтылды.

Түйін сөздер: қылмыс объектісі, қылмыс объектісі теориясы.

A.R. Bizhanova

On the question of the object crimes

In this article the author summarizes the conceptual approach of the object of crime. And what should be important to consider the Concept of the criminal code of the RK object of crime as the interests of the social subjects.

Keywords: object of the crime, the theory of the object crime.

А.Р. Бижанова

К вопросу объекта преступлений

В данной статье автором обобщается концептуальный подход объекта преступления. А также указывается, что необходимо важно учесть в основу Концепции уголовного кодекса РК объекта преступления как интересы социальных субъектов.

Ключевые слова: объект преступления, теория объекта преступления.

Соңғы жылдары заңгерлерді көптен толғандырып жүрген мәселелердің бірі заман талабына сай қылмыстық-құқықтық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңнамаларын жетілдіру болып отыр. ҚР қылмыстық кодексінің жаңа жобасы бүгінде көпшіліктің талқылауында.

Жаңа жобаның қабылдануы қоғамдық қатынастардың жаңаруы, заңнамада қарастырылмаған қоғамдық қатынастардың мүлдем жаңа түрлерінің, сәйкесінше қауіптердің пайда болуымен байланысты. Бұл үшін жаңа қылмыстық-құқықтық институттарды енгізу қажет. Заманауи қауіптерден мүдделерді тиімді түрде қорғауды қамтамасыз ету үшін уақыт пен іс-тәжірбиемен расталған базалық қылмыстық-құқықтық институттарды модернизациялау орынды.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау тұрғысынан алғанда қылмыс ұғымына біршама өзгеріс енгізілмек. Және де заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесінің көтерілуіне орай, қылмыс құрамының бір элементі – кінәнің ұғымы да өзгермек.

Қылмысты топтастыру мәселесі де қайта қаралады. Ол үшін қылмыстық әрекеттердің ауырлық дәрежесін, олардың қоғамға қауіптілігін бағалай отырып анықтауды тереңірек зерттеу керек.

Қылмыстық құқықбұзушылық, қылмыстық терісқылық ұғымдарының ҚК енуіне орай әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексте қайта қаралуға жатады.

Концепцияның негізінде қылмыстық

заңнаманы либерализациялау және гуманизациялау жөніндегі сұрақтарды да қарап шыққан жөн.

Қылмыстық жаза жүйесінде де біршама өзгерістер болмақ, жазаның жаңа түрлері енбек.

Терроризммен, экстремизммен қылмыстық-құқықтық күрес те тереңінен ойлануды қажет етеді.

Ал бизнесті қылмыстық қолсұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету үшін еркін кәсіпкерліктің дамуына кедергі болатын шектеулерге тосқауыл керек.

Әскери қылмыстар саласындағы қылмыстарды қарастырғанда мемлекеттің қылмыстық саясатын елдің қорғаныс стратегиясына сәйкестендірген жөн.

Соңғы жылдары ақпараттық, сандық технологиялардың дамуымен электрон құралдарымен жасалынатын қылмыстық қолсұғушылықтардың да саны көп. Осыған орай ақпараттық қауіпсіздікті қылмыстық-құқықтық қамтамасыз ету мақсатында компьютерлік қылмыстар да қайта қаралады. Жаңа жобада осы саладағы қылмыстық қолсұғушылыққа жеке тарау арналмақ.

2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарға сай отбасындағы қиындықтар мен әлеуметтік жетімдік, қараусыздық, құқықбұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды кешенді түрде шешу мақсатында балалардың заңды мүдделері мен құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық заңнамаларды жетілдіру назарда тұр.

Жоғарыда аталған жаңа бағыттар қылмыстық кодекстің Концепциясында орын алмақ, деп күтілуде. Бұл қылмыстық заңның мақсаты қылмыстық қолсұғушылық бағытталған нәрсені қорғау болғандықтан да қолсұғылатын объектіні нақты анықтаудың орны ерекше. Себебі тек қолсұғылатын объектінің не екендігін, оған қаншалықтық дәрежеде қауіп келгендігін, не келуі мүмкін екендігін біле отырып қана біз қылмыстық құқықтық баға бере аламыз. Ендеше сол қылмыс объектісі ұғымына тоқталайық.

Қылмыс объектісі – бұл қылмыс құрамының міндетті элементі, «объектісіз» қылмыстар болмайды да. Қылмыстық құқық теориясында, қылмыс объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қарым қатынас, деген жалпылама ереже бар [1, 120-122 б.]. Бұл ұғымды жалпылама ережемен түсіндіру жеткіліксіз.

Қоғамдық қатынас адамдар арасында рухани, тану қызметтері барысында пайда болады. Объектінің көмегімен қылмыстық емес әрекет-әрекетсіздікті қылмыстық әрекеттен, ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туады. Кез келген қоғамға қауіпті, қылмыстық заңда көрсетілген іс-әрекет объектіге қол сұғады. Қылмыстық қолсұғудың нәтижесінде объектіге нақты немесе елеулі дәрежеде зиян, шығын келеді, не шығынның келу қаупі туындайды. Қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі қылмыс қол сұққан объектінің қай түріне әсер еткеніне де байланысты. Ол бір қылмыстың немесе біртектес қылмыстар тобының жекеленген белгілерін түсіндіру үшін қажет [1, 255 б.]. Іс-тәжірибеде объект нақты қылмыстық әрекет бағытталған қолсұғушылықты анықтаудың негізгі фундаменти болмақ.

Е. Қайыржановтың еңбегінде қылмыс объектісінің жалпы теориясына тарихи анализ жасалынған [2]. Қылмыстық құқық теориясында *қылмыс объектісіне байланысты бірнеше концептуалдық бағыттар қалыптасқан: субъективтік (табиғи) құқық, нормативтік, құқықтық игілік, қоғамдық қатынас, кез келген әлеуметтік субъектінің өмірі мен қызмет жағдайы.*

Қылмыстық құқық теориясында алғаш *қылмыс объектісі «субъективтік құқық»* ретінде түсіндірілген. Бұл теорияның негізін салаушылар А.Ф. Кистяковский, П.Д. Калмыков, В.Д. Спасович және т.б. болған.

Заң теориясында *қылмыс объектісі* ретінде *құқық нормасы* қарастырылады. Профессор Н.С. Таганцевтің бұл жөнінде, егер де норма бұзылмаса, ол қандай болмасын шығын алып келгенімен қылмыс деп есептелінбейді, сондықтан қылмыстың объектісі құқық нормасы болып табылады, деген пікірі бар [3, 652 б.]. Демек, *нормативтік теорияны* жақтаушылардың пікірінше, қылмыстық іс-әрекет құқық нормасына қолсұғады. Бұл әрине, формальды белгі. *Теорияны жақтаушылар:* В.А. Туманов, К. Биндинг, Уильям Эбенштейн, Н.В. Лясс және т.б.

Құқықтық игілік теориясы субъективтік құқық теориясына қатысты айтылған сынның нәтижесінде пайда болды. Таптық буржуазиялық қылмыстық-құқықтық ғылымның барлық өкілдері (И.Я. Фойницкий, Белогриц-Котляровский Л.С.) қылмыс объектісін құқықтық игілік екендігін де, сол игілікті де формальды түрде

таныды. Олар осы ұғымдардың мазмұнына баға бермеді, қылмыс объектісінің құқықтық игілік екендігін дәлелдеп жаппады.

Кеңес уақытында қылмыс объектісінің жүйесі нақты қалыптастырылып болды, деп есептелген. Сол кезде-ақ объектіні үш топқа бөлген: жалпы, топтық және тікелей. Қылмыстың жалпы объектісі деп қылмыстық жауаптылық көзделген барлық қоғамдық қарым қатынастардың жиынтығын айтқан. Ал, арнайы, не топтық объект – бұл белгілі бір салада кездесетін немесе қасиеттеріне қарай біртектес қоғамдық қарым қатынастардың тобы немесе оның белгілі бөлігі. Бұл теорияны жақтаушылар: Б.С. Никифоров, Е.А. Фролов, Н.Н. Коржанский және т.б.

Кезінде атақты орыс заңгері Н.С. Таганцев, қылмыс, ол арнайы нормамен қарастырылған, мемлекет нормаға қарсы шыққан жағдайда сол адамға амалсыздан жаза қолданатындығы ескертілетін, өмірлік маңызды мүддеге қолсұғатын әрекет, деген болатын [4, 45 б.].

Қылмыстық құқық теорияда қылмыс объектісін мүдде ретінде қарастырған арнайы теория да бар. Мүдде – белгілі бір қоғамдық қатынастың нақты көрінісі және бейнесі. Қылмыстық құқықтық қорғаудың объектісіне берілген мұндай түсінік қоғамдық қатынас түріндегі объектіні зерттеуде және ол туралы ұғымның қалыптасуында маңызы зор [2, 81 б.]. Егер жалпы және топтық объект қоғамдық қатынас болып табылса, «жалпы» және «жеке» категориялардың арақатынасы түсінігіне орай, тікелей объектінің те қоғамдық қатынас болуы шарт [5, 27-31 б.].

Осыған орай профессор Е.І. Қайыржановтың төмендегідей пікірі бар. «Қоғамдық қатынастар» деген жалпы категорияны «тікелей объектіге» қатысты айтқанда түсінбеушілік туындайды. Көптеген оқулықтарда «тікелей объект» деп жеке қылмыс бағытталған нақты қоғамдық қатынасты айтады. Бұны формальды түрде бір, не бірнеше қылмыс бағытталған, заңмен қорғалынатын нақты қоғамдық қатынас деп түсінетін жайлар бар. Демек, «тікелей» объект дегеніміз нақты қоғамдық қатынас емес, қоғамдық қатынастың жиынтығы болған. Сонда топтық, не арнайы және «тікелей» объект ұғымдары арасында қандай айырмашылық бар? Мұндай сұрақ оқу құралдарында да, ғылыми еңбектерде де жауабын таппай келеді.

Бұл сұрақты шешу үшін профессор Е.І. Қайыржанов қылмыс объектісін топтауда қоғамдық қатынастың нақты бейнесі – мүддені қолдануды ұсынады. Мүддесіз қоғамдық қатынас та жоқ. Қоғамдық қатынас адамдардың арасындағы сан қырлы байланыстардың жиынтығын білдіреді. Бұл байланыстар кластың, әлеуметтік топтың мүдделерін білдіретін материалдық, рухани, эстетикалық, құқықтық және басқа да сипатқа ие. Жеке тұлға бұл қатынастардың жекеленген материалды субстраты болады. Мүддені иеленуші (субъект) ғана емес, оның объектісі – мүддесі бар субъектілерді байланыстыратын әлеуметтік игілік те болады.

Барлық қылмыстар қылмыстық заңмен қорғалынатын қоғамдық, мемлекет, жеке тұлғаның мүдделеріне шығын келтіреді. Арнайы, не топтық объект белгілі топтың мүддесі болады. Топтың мүддесі бір, қатысушылары ұқсас болуы шарт. Бұл ереже ҚР ҚК ерекше бөліміндегі ұқсас қылмыстар сынды жекеленген баптардың тобында көрініс табуы тиіс [6, 73 б.]. Тікелей объект нақты әрекетпен кімнің, қандай мүддесі бұзылады, қайсысы маңыздырақ деген сұраққа жауап береді. Ол нақты объектінің жеке белгілерін сипаттайды.

Ал, В.Н. Кудрявцев пайымдауынша қылмыс объектісін мына кешен құрайды: а) адамдар арасындағы нақты қоғамдық қатынас; ә) олардың құқықтық нысаны, не «қабы»; б) осы қоғамдық қатынастың материалдық нысаны, алғы шарты және пайда болу шарты. «Материалдық» құрамда объект зиянмен, кейде қолсұғушылықтың заты арқылы анықталады [7, 63 б.]. Бұл жағдайда В.Н. Кудрявцев логикалық жүйенің бұзылуына жол береді, тұжырымдарда ішкі қарама-қайшылықтар аңғарылады. Бір жағынан, ол объектіні – қоғамдық қатынас десе, екіншіден – объектіні «құқықтық нысан», үшіншіден, қоғамдық қатынастың алғы шарты, жағдай, материалдық нысан ретінде қарайды [8, 151 б.].

Сонымен қылмыстық заң қоғам мүшелерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғайды. Оның міндеті – адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы мен аумақтың тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ

қылмыстардың алдын алу болып табылады, деп ҚР ҚК 2-бабы көрсетіп отыр. Ал, ҚК бұл нормасы қылмыс объектісін мүдде ретінде танудың оңды жол екендігін растайды. Соңғы жылдардағы қоғамда қалыптасқан нарықтық қатынас, оның қылмыстық қолсұғушылықтан құқықтық қорғалануы аталған идеяның нақты дәлелі.

Қылмыс объектісін мүдде ретінде танудың іс-әрекеттерді криминализациялауда, қылмыстарды топтауда, қылмыстырды саралауда, қылмыстық заңнаманы жүйелеуде, сондай-ақ қылмыстылықты зерттеуде және алдын алуда орны ерекше.

Әдебиеттер

1. А.И.Трайнин. Общее учение о составе преступления. - М.: Госюриздат, 1957.- 363 с.
2. Е.И.Каиржанов. Объект преступления – интересы социальных субъектов: монография. - Алматы: Экономика, 2008. - 160 с.
3. Н.С.Таганцев. Лекции по русскому уголовному праву. Часть общая. - М.:Спб, 1888.- Вып.2.– 1085 с.
4. Н.С.Таганцев. Русское уголовное право. Лекции. Общая часть. - Изд-во 2-е. –СПб., 1902.-Т.1.-С.45.
5. Г.А.Кригер. Квалификация хищений социалистического имущества. -М., 1971.- 285 с.
6. Е.И.Каиржанов. Проблемы борьбы с уклонением от уплаты налогов.-Алматы, 2001. - 165 с.
7. В.Н.Кудрявцев. Общая теория квалификации преступлений. - М.: Юрид. лит., 1972.- 352 с.
8. Б.А.Куринов. Научные основы квалификаций преступлений. - М., 1984.-342 с.